

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 маусымдағы N 516 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 810 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2006 жылға арналған 004 "Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптау" республикалық бюджеттік бағдарламасын бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 маусымдағы N 516 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 25 тамыздағы
N 810 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 6 маусымдағы
N 516 қаулысына

қосымша

2006 жылға арналған 004»"Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптау" республикалық бюджеттік бағдарламаны бөлу

Р/с №	Жобаның атауы	Техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуді және оларға мемлекеттік сараптама жүргізуді қаржыландыру көлемі (мың теңге)
1	2	3

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

1	Павлодар облысының Екібастұз қаласында отын-энергетика саласы үшін кадрлар даярлау және қайта даярлау жөніндегі 700 орындық кәсіптік өңіраралық орталық салу	13 260
---	--	--------

2	Оңтүстік Қазақстан облысында өңдеуші сала үшін техникалық және қызмет көрсетуші еңбек кадрларын даярлау және қайта даярлау жөніндегі 700 орындық кәсіптік өңіраралық орталық салу	12 887
3	Шығыс Қазақстан облысында машина жасау саласы үшін кадрлар даярлау және қайта даярлау жөніндегі 700 орындық өңіраралық кәсіптік орталық салу	15 218

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

4	Суармалы экожүйелерді басқару	20 020
---	-------------------------------	--------

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

5	"Қазсат-2" байланыс және хабар тарату ұлттық спутнигін жасау және ұшыру	80 000
---	---	--------

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

6	Атырау қаласындағы бұрынғы кәсіптік техникалық училищенің ғимаратын сотталған әйелдерді ұстау үшін 300 орындық түзеу колониясы етіп қайта жаңарту	3 220
7	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелерінде сотталғандарды әрбір камерада ұстайтын 300 орындық жатақхана салу	8 000
8	Астана қаласында Патент сарайын салу	4 000

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

9	"Атырау облысындағы ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағын құру	127 000
10	"Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ядролық реакторларын жаңғырту	50 000
11	Қазақстан Республикасы ұлттық ядролық орталығының ядролық физика институтында жаңа аса ауыр элементтерді синтездеу жөніндегі жеделдету кешенін құру	174 300

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

12	Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында және Астана қаласында өңірлік технопарктерді құру және дамыту	26 000
----	---	--------

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

13	Астана қаласында "Астана" ұлттық агротехнологиялық паркін құру	30 000
----	--	--------

**Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын
басқару агенттігі**

14	Қазақстан Республикасының аумағында спутниктік геодезиялық желілерді құрастыру	15 000
----	--	--------

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

15	"Жіктеулер және стандарттар" (ИС "Класс") ақпараттық жүйесін құру	845
16	"Электронды статистикалық есеп беру" (ИС "ЭСО") ақпараттық жүйесін құру	1200

**Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникация министрлігі**

17	А.Бекович-Черкасск шығанағында кеме қозғалысын басқару жүйесін құру	6 500
18	Орал-Каспий бассейнінде кеме қозғалысын басқару жүйесін құру	6 500
19	Өскемен шлюзінің имараттары мен жабдықтарын қайта құру және жаңғырту	6 500
20	Бұқтарма шлюзінің имараттары мен жабдықтарын қайта құру және жаңғырту	7 800
21	"Жетібай-Түркіменстан шекарасы" учаскесінде Атырау - Ақтау - Түркіменстан шекарасының көлік жолдарын қайта құру	16 750
22	"Астана-Қостанай-Челябинск" автожолы бойынша Қостанай айналымын салу	5 000
23	Бала-Терісаққан өзені арқылы көпір салуды қоса алғанда, Арқалық арқылы" Жезқазған-Петропавл" автожолын қайта құру	25 000
24	Каспий теңізінің қазақстандық секторында құтқару операцияларын басқарудың өңірлік жүйесін құру	45 000
	Жиыны:	700 000